

тақырыбы:





Өрт қорғанысы мен өртті сөндіруді ұйымдастыру




ӨРТ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

ӨРТ-бұл заттық құндылықтарды жоятын және адамдардың өміріне қауіп-қатер туғызатын жанудың бақылауға алынбайтын үрдісі.

Өртті сөндіруден гөрі, алдын алу анағұрлым жеңілдірек. Сондықтан барлық сақтық шараларын сақтау қажет.








Статистика бойынша тұрғын үй мен пәтерлерде өрттің шығуына негізгі себептері:

- тұрмыстық электр және газ аспаптарын пайдалану кезінде;
- пештердің дұрыс орнатылмауы мен қолдану кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу салдарынан;
- бабалардың отпен ойнауынан болып отыр.

Өткен жылғы статистиканың келтірсек, Қазақстан Республикасында 2014 жыл бойынша **15126** өрт болды, олардың материалдық салдары **3** млрд. **219** млн. теңге құрады. Отта **404** адам қаза болды, олардың **37** балалар, **619** адам ауырлығы әр түрлі дәрежедегі жарақат, күйе және улану алған, олардың **71** балалар. Өртке қарсы қызмет қызметкерлері өрттерде **1417** адам құтқарған.

Ағымдағы жылғы 3 ай есебі бойынша Қазақстан Республикасында **2668** өрт тіркеліп, отта **106** адам қаза болды, олардың 10 балалар, құтқарылған адамдар саны **234** жетті. Материалдық шығын көлемі 7млн. **934** мың. **205**тг. құрайды.



Өрттер адам өміріне қатер төндіріп, үлкен залал әкеледі.




Өртті болдырмау үшін Сізге мынадай өрт қауіпсіздігі ережелерін есте сақтаған жөн:

- Электр қыздырғыш құралдарды қосылған күйде қалдыруға болмайды.
- Қуаттылығы күштібірнеше электр аспабын бір уақытта қосуға болмайды.
- Газдың кеміп қалуын тексеру үшін ашық отты қолдануға болмайды.
- Сіріңкемен, оттықтармен, отпен және от шашулармен ойнауға болмайды.
- Зақымдалған электр өткізгіштерді қолдануға болмайды.
- Өрт және жану оқиғасы болған кезде тез арада телефон арқылы

ӨРТ КЕЗІНДЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

- Өртті сумен өшіру тиімсіз. Ең дұрысы, өрт сөндіргішті пайдалану, ал ол жоқ болған жағдайда:
 - ✓ Сүлгімен, көрпемен
 - ✓ Құммен өшіру керек
- Егер өрт бір бөлмеде басталса, онда басқа бөлмелерге және саты алаңына тарап кетпеуі үшін есігін мықтап жауып қою керек.
- Өртті өшіруге шамаңыз кемегендігін байқасаңыздар, ол жерден тезірек кетіңіздер.
- Өрт кезінде лифтіні пайдалануға тыйым салынады, өйткені оны кез-келген уақытта тоқтатып қояды.
- Егер өрт пәтерде шықса, ең қауіпсіз орын-балкон немесе терезенің алды. Балконның терезесін сақтықпен ашыңыз, кіріп келген таза ауадан жалын күшейіп кетуі мүмкін.
- Өз бетіңізше шығу мүмкін болмаған жағдайда, көмек келгенге дейін сумен ылған ғандырылған қол орамалымен немесе киім жеңімен мұрындарыңызды және ауыздарыңызды жабыңыздар.
- Өрт және жану оқиғасы болған кезде тез арада телефон арқылы «101», «112»-ге хабарласыңыз.







БІЛУ МАҢЫЗДЫ

Отты өршіте түсетін нәрселер:

- перделер
- киім
- кілем жабындары
- жиһаз, пластик қаптамалар
- өрт және жарылыс қаупі бар заттар

Мына жағдайларда жұт белең алады:

- өрт хабарлағыш жоқ болса немесе істен шықса
- эвакуациялық көшіру жолдары болмаса немесе оларға заттар қойылып тасталса
- өрт сөндірушілер дер кезінде шақырылмаса
- терезе торларын ашу мүмкін болмаса





БІЛУ МАҢЫЗДЫ

Жану кезінде улы газдар бөлінеді: көгертетін қышқыл, фосген және тағы да басқалары, ауадағы оттегінің құрамы азаяды. Яғни, от қаншалықты қауіпті болса, түтін мен күйік иісі де соншалықты қауіпті. Жану өнімдерінің қосылымы (концентрация) артқан жағдайда адам ағзасына қалай әсер ететінін білген жөн:

Тұншықтырғыш газдан:

0,01% - аздап бас ауырады;

0,05% - бас айналады;

0,1% - талып қалады;


0,2% - кома (терең ұйқыға ұқсас ессіз күй), жедел өлім;

Көмірқышқыл газдан:

0,05%-ға дейін – әсер етпейді;

0,05%-дан 7%-ға дейін - жүрек соғысының жиілеуі, тыныс алу жолдарының әлсіреуінің басталуы;

10%-дан жоғары – тыныс алу жолдарының әлсіреуі, өлім.



Адамзаттың
жақсы білсін
әрбірі
«101» - өрт
сөндіру
қызметінің
нөмірі!






ӨРТ СӨНДІРГІШТІ ҚАЛАЙ ПАЙДАЛАНУ КЕРЕК?



Өрт сөндіргіштер – туындауының алғашқы сатысында өртті өшіру үшін арналған техникалық құрылғы.

Өрт сөндіру кезінде ұнтақты өрт сөндіргішті пайдаланудың тәртібі:


- Пломбаны жұлып, сақинаның көмегімен мұрындығын суыру керек.
- Шүмекті отқа бағыттап, иіктіректі басу керек. Иіктіректі басқанда, жанып жатқан жерге өрт сөндіргіш сұйықтық беріледі.
- Жалын мен өрт сөндіргіштің арасындағы ара қашықтық 1,5 метр болуы керек.
- Өртті өшіру кезінде өртті сөндіретін ұнтақты тұтану ошағына қарай бағыттау керек. Жалынды азайту үшін ағысты жан-жаққа ауыстырып тұру керек.
- Жалынды өшіргеннен кейін, тұтану ошағына жақындап, үстін ұнтақпен қабаттап жауып тастау керек.
- Электр жабдықтарын өшіру кезінде өрт сөндіргіш ұнтақтың ағысы тура тұтану ошақтың өзіне қарай берілу керек.





Өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік

- «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің “Арнаулы қызметтерді көрінеу жалған шақыру” 438 бабына сәйкес өртке қарсы қызмет органдарын көрінеу жалған шақыру үшін жауапкершілік шарасы қарастырылған. Бұндай жағдайда он төрттен он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар жасаған әрекеттері үшін ата-анасына немесе оларды алмастыратын адамдарға ескерту жасауға немесе **он бес айлық есептік** көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.



Назар салып тыңдағандарыңызға рахмет!